

Шежіре – тәрбие құралы. Ол тек тектің тізімі емес, ұрпақты ата жолын ардақтауға, елге, жерге деген құрметке үйрететін даналық мектебі. «Жеті атадан жеті өнер» ұғымы – тек тегін біліп қана қоймай, ата дәстүрін сақтау, жаңа белестерге ұмтылу дегенді білдіреді.

Бүгінгі таңда ғылым да шежіренің құндылығын жаңа қырынан ашты. Қазақтың жеті атаға дейін қыз алыспау дәстүрі генетикалық дерттердің алдын алу үшін табиғат заңымен үндескені дәлелденіп отыр. Мұны «жеті атасын білмеген жетесіз» деген халық сөзі де айқындайды.

Цифрландыру дәуірінде шежіре де жаңа деңгейге көтерілуі тиіс. Электронды базалар арқылы адамдар өз тегін зерттеп, шежіресін толықтырып, оны келер ұрпаққа мұра етіп қалдыруы – заман талабы. «Өткенге тағзым – болашаққа аманат» дегендей, шежіре ұлттық бірегейлікті нығайтып, рухани жаңғырудың негізіне айналуы керек.

Шежіре – тарихтан тәлім алудың мектебі, ұрпақ тәрбиесінің құралы және ғылымның тоғысқан тұсы. Бұл ұлы мұра өз маңызын ешқашан жоғалтпайды. Қазақ даналығы айтқандай, «Тарихын ұмытқан елдің болашағы бұлыңғыр». Олай болса, шежіреге өткеннің естелігі ретінде ғана емес, бүгінгі ұрпақтың рухани тірегі ретінде қарауымыз қажет. Шежіре – тамыры тереңге жайылған бәйтерек, ал ұрпақтар – оның мәуелі бұтағы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Армысың, ата тарих — аңырақай. – Алматы, 2011.
2. Бизақов С. Түбі бір түркілер. - Алматы:Қазақ энциклопедиясы, 2000.
3. Қазақ халқының шежірелік жүйесі туралы. //Шинжиян қоғамдық ғылымы журналы, 2010.
4. Табылды Ә. Этнопедагогикалықоқылымдар. - Алматы: Білім, 2005.
5. Тілеуқабылұлы. Ә. (XV ғасыр). «Шипагерлік баян» еңбегі.
6. Жүнісұлы Ж. Шежіре туралы толғанис. Іле тарихи материалдары. – Құржа, 2013.
7. Бекманов Қ. Халқы мықтының – салты мықты (этнографиялық сыр–сұхбат). -Алматы: Мұраттас, 2010.
8. Ахметова З. Бабалар аманаты: Естелік – эссе. – Алматы, 2012.
- 9.Айдосова Л.А. «Инбридинг және аутбридинг». // <https://stud.kz/referat/show/45901>
- 10.Зиманов С. Қазақтың ата заңдары. Құжаттар, деректер,зерттеулер. --Алматы:Жеті жарғы, 2004.

XX ҒАСЫРДАҒЫ ҚЫТАЙ ЖЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫ МӘДЕНИЕТІ

Махмудова Д.С

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., асс.проф Туякова А. Е.

Астана халықаралық университеті

dilnazmahmudova1@gmail.com

Астана қ.

XX ғасырдағы Қытай жеріндегі қазақ диаспорасы, сыртқы саяси және әлеуметтік қысымдарға қарамастан, ұлттық болмысын, мәдениеті мен дәстүрлерін сақтап қалу жолында табанды әрекет жүргізді және бұл олардың бірегей этникалық топ ретінде дамуына ықпал етті.

XX ғасырдың басынан бастап Қытай жеріне қазақтардың көшіп келуі түрлі тарихи және саяси жағдайлармен байланысты. Бұл қазақтардың тек қоныс аударуымен ғана шектелмей, олардың ұлттық мәдениеті мен дәстүрлерін сақтап қалу жолындағы әрекетімен де тығыз байланысты. Оған дәлел ретінде қазақ диаспорасының Қытайдың батысындағы Шыңжаң өлкесінде шоғырланғандығын атап өтуге болады. Ол Қытай Халық Республикасының Солтүстік-Батыс өңіріндегі орналасқан автономиялық аумақ, әрі жер көлемі бойынша ең ірі әкімшілік аумақтық бөлініс болып табылады.

Мақаланың мақсаты XX ғасырдағы Қытай жеріндегі қазақ диаспорасы туралы зерттеу материалдарын қамтып мәлімет беру және де талдау жасау. Мақалада міндеттер қойылды, Қытайдағы қазақ диаспорасының қалыптасуының тарихи алғышарттарына шолу жасау; XX ғасырдағы Қытайдағы қазақтардың көшіп-қону себептеріне тоқталу және Қазақ диаспорасының Қытайдағы әлеуметтік-мәдени жағдайын анықтау.

Қытайдағы қазақтардың бұл көшіп-қону үдерісі бірнеше кезеңге бөлінеді: алғашқы кезеңі Ресей империясынан Қытайға қашқан қазақтардың келуімен басталды, кейінгі кезеңдер 1917 жылғы Қазан төңкерісі, 1930-шы жылдардағы ұжымдастыру, 1940-1950 жылдардағы Кеңес Одағы мен Қытай арасындағы қатынастардың күрделенуі кезінде жалғасты. Қытайдағы қазақ диаспорасының жағдайы Қытайдағы саяси және экономикалық жағдайларға да байланысты өзгеріп отырды. Көшіп-қону себептері: 20 ғасырда қазақтардың Қытайға қоныс аударуы саяси қуғын-сүргін, ұжымдастыру және ашаршылық сияқты факторларға тікелей байланысты болды. Бұл жағдайлар қазақтарды өз жерінен айырды, бірақ олар жаңа ортада да ұлттық бірегейліктерін сақтап қалуға ұмтылды. Ұлттық бірегейлікті сақтау: Қытайдың социалистік жүйесі мен Мәдени революция қазақтардың мәдениеті мен тілін шектеуге тырысқанымен, қазақтар өздерінің діни сенімдері мен ұлттық дәстүрлерін жасырын түрде болса да жалғастырып, ұрпақтарына жеткізу жолдарын тапты. Қоғамдық

және экономикалық өзгерістер: Қытайдағы экономикалық реформалар мен мемлекеттік саясаттың өзгеруі қазақ диаспорасына жаңа мүмкіндіктер берді, бұл олардың мәдениеті мен ұлттық болмысын жаңғыртуға, білім мен өнерді дамытуға жол ашты.

XX ғасырдың басында Шыңжаң өлкесі қазақ диаспорасының негізгі көшетін аймағына айналды. Бұл кезеңде патшалық Ресейдің отаршылдық саясаты қазақтарды өз елінен қашуға мәжбүр етті. Патша үкіметінің жер реформалары, әсіресе, көшпелі халықтарға қарсы жүргізілген аграрлық саясат қазақтардың Қытайға көшуіне әсер етті. Шыңжаңға қоныс аударған қазақтардың басым бөлігі 1910-1930 жылдар аралығында болды[1]. Бұл көштің негізгі себебі экономикалық қиындықтар ғана емес, саяси және әлеуметтік қысымдар да еді. 1916 жылғы Ұлт-азаттық көтерілістен кейін қазақтардың бір бөлігі Ресей империясынан қашып, Қытайға көшті. Жаңа елде қазақтар мал шаруашылығымен айналысып, өздерінің дәстүрлі тұрмысын сақтап қалды. Алайда, жергілікті билік қазақтарды толықтай мойындап, қолдау көрсетпеді, сондықтан қазақтар өзіндік ерекшеліктерін сақтап, жергілікті халықтан оқшауланған түрде өмір сүрді. XX ғасырда Қытай жерінде қалыптасқан қазақ диаспорасы – қазақ халқының тарихындағы маңызды тараулардың бірі. Бұл диаспора Қазақстан аумағынан тыс өмір сүрген ең ірі қазақ қауымдастықтарының бірі болып саналады. Оның құрылуы мен дамуы бірнеше кезеңдерден тұрады және әрбір кезең қазақ халқының тағдырындағы маңызды тарихи оқиғалармен тығыз байланысты болды. Қытай жеріндегі қазақтардың көшіп-қонуы, олардың әлеуметтік-мәдени жағдайы, ұлттық бірегейлігін сақтау жолындағы әрекеті – диаспора тарихындағы басты тақырыптар[1].

Қытайдағы қазақтардың тарихы бірнеше факторлармен, оның ішінде геосаяси өзгерістер, ішкі және сыртқы жағдайлармен байланысты. Қазақтардың Қытайға қоныс аударуы көбінесе Ресей мен Кеңес Одағында орын алған саяси және әлеуметтік өзгерістерге, сондай-ақ Шыңжаңдағы ішкі жағдайларға тәуелді болды. Қазақтар негізінен Шыңжаң өңірінде шоғырланғанымен, олардың өмірі Қытайдың басқа бөліктеріндегі этникалық азшылықтардың тағдырымен де сабақтасып жатты.

Мысалға алатын болсақ — Қытайдағы Шыңжаң Ұйғыр автономиялық ауданының Іле Қазақ автономиялық облысы, аудандары және де қалалары. Алтай, Тарбағатай аймақтары, Мори Қазақ автономиялық ауданы, Құмыл аймағының Баркөл Қазақ автономиялық ауданы. Сонымен қатар Гансу өлкесінің Ақсай Қазақ автономиялық ауданымен Чинхай өлкесінде де азын-аулақ қазақтар болды.

XX ғасырдың басында қазақтардың Қытайға қоныс аударуы айта кеткендей Ресей империясының аграрлық және отаршылдық саясатынан бастау алды. Бұл кезеңде қазақтардың көшпелі өмір салты мен жерді пайдалану құқығы қысымға алынды, нәтижесінде көптеген қазақтар жаңа мекен іздеп, Шыңжаңға көшуге мәжбүр болды. Шыңжаң жері қазақтарға салыстырмалы түрде бос кеңістік және мал шаруашылығымен айналысуға қолайлы аймақ ретінде көрінді. Солай бола тұра, жергілікті билік пен ішкі саяси жағдай қазақтардың Қытайға толық бейімделуіне кедергі жасайды[2].

Қытайдағы қазақ диаспорасының қалыптасуына Ресей империясында орын алған 1916 жылғы Ұлт-азаттық көтеріліс пен 1917 жылғы Қазан төңкерісі де әсер етті. Ұлт-азаттық көтеріліс кезінде қазақтар патшалық Ресейдің қатаң саясатына қарсы шықты. Осы көтеріліс сәтсіз аяқталғаннан кейін көптеген қазақтар көрші Қытай жеріне қашуға мәжбүр болды. Шыңжаңға қоныс аударған қазақтар сол жерде өздерінің дәстүрлі мал шаруашылығын жалғастырды, бірақ жаңа жердегі өмірі қиыншылықтарға толы болды. Оларға жергілікті билік тарапынан қолдау көрсетілмеді, сондықтан қазақтар ұзақ уақыт бойы оқшауланып, өздерінің ұлттық ерекшеліктерін сақтап қалуға тырысты.

Келесі кезеңде, 1920-1930 жылдары Кеңес Одағында орын алған ұжымдастыру және ашаршылық қазақ халқының жағдайын күрт нашарлатты. Бұл кезеңде қазақтардың тағы бір толқыны Қытайға көшіп, Шыңжаңды мекендеді. Ұжымдастыру саясатының салдарынан көптеген қазақтар мал-мүлкінен айрылып, ашаршылыққа ұшырады. Кеңестік биліктің зорлық-зомбылық әрекеттері мен саяси қуғын-сүргін қазақ халқының басым бөлігін елден қашуға мәжбүр етті. Осылайша, Қытай жерінде қазақ диаспорасының саны арта түсті[2].

1940-шы жылдардағы Қытайдағы саяси өзгерістер қазақ диаспорасының дамуына айтарлықтай ықпал етті. 1949 жылы Қытай Халық Республикасының құрылуы қазақтар үшін жаңа кезеңнің басталуына себеп болды. Бұл кезеңде Қытайдың жаңа үкіметі этникалық азшылықтарға қатысты жаңа саясат ұстанды, бірақ оның әсері екіұшты болды. Бір жағынан, қазақтарға жергілікті өзін-өзі басқару және мәдени құқықтар берілді, екінші жағынан, олардың ұлттық бірегейліктерін жоюға бағытталған шаралар да қолданылды. ҚХР құрылған кезде оның аумағында 420 000 қазақ өмір сүрген болатын. Оның 418 000 – Шыңжаңда тұрақтаған еді.

Қытайдағы "Мәдени революция" — 1966-1976 жылдардағы төраға Мао Цзэдунның жеке өзі бастаған идеологиясы болды. Мәдени революция кезінде, әсіресе 1960-шы жылдардан бастап, қазақтардың ұлттық мәдениеті мен дәстүрлері қатты шектеуге ұшырады. Бұл кезең қазақ халқының діни және мәдени құндылықтарын жоюға бағытталған репрессиялармен ерекшеленді. Қазақтар діни сенімдерін еркін жүзеге асыра алмады, ұлттық киім кию мен тіл қолдану шектелді. Көптеген қазақ зиялылары қуғынға түсіп, олардың шығармашылықтары мен еңбектері тыйым салынды[3].

1970 жылдардың соңында Қытайда жүргізілген экономикалық реформалар қазақтар үшін жаңа мүмкіндіктер ашты. Бұл реформалар этникалық азшылықтардың мәдени құқықтарын қалпына келтіруді көздеді. Қазақтар өздерінің ұлттық ерекшеліктерін қайта жаңғыртып, мәдениет пен тілді дамытуға мүмкіндік алды. Мәдени орталықтар, қазақ тілінде оқытатын мектептер ашылып, қазақ халқының ұлттық болмысы қайта жанданды. Дегенмен, бұл реформалар қазақтардың өміріне оң өзгерістер әкелгенімен, олардың ұлттық болмысын сақтау үшін әрекеті әлі де жалғасты.

XX ғасырдағы Қытайдағы қазақ диаспорасының тарихы – қазақ халқының этникалық, мәдени және саяси тұрғыдан бірегейлігін сақтап қалу жолындағы әрекетінің жарқын мысалы. Диаспораның өмірі көбінесе сыртқы саяси өзгерістерге тәуелді болды, бірақ қазақтар өздерінің ұлттық мәдениетін сақтап қалуға бар күш-жігерін салды. Қытайдағы қазақтардың өмірі ішкі және сыртқы саясаттың әсеріне қарамастан, олардың мәдениеті мен дәстүрлерін сақтауға кедергі болмады. Бұл диаспораның тарихы қазақ халқының ерік-жігері мен төзімділігінің дәлелі болып табылады[3].

XX ғасырдың соңында Қытайдағы қазақ диаспорасы жаңа кезеңге аяқ басты. Экономикалық реформалар мен этникалық азшылықтарға қатысты мемлекеттік саясаттың өзгеруі қазақтардың жағдайын жақсартуға септігін тигізді. Олар өздерінің мәдени және діни құқықтарын қалпына келтіріп, ұлттық болмысын жаңғыртуға мүмкіндік алды.

Қазақтар Қытайдың социалистік жүйесіне бейімделуге мәжбүр болды. Олардың жергілікті өзін-өзі басқару органдары құрылып, кейбір қазақтар үкіметте қызмет атқарды. 1950 жылдардың соңында Қытайда жүргізілген “Үлкен секіріс” саясаты және 1960 жылдары басталған Мәдени революция қазақтардың ұлттық мәдениеті мен дәстүрлеріне ауыр соққы болды. Мәдени революция кезінде қазақтардың білім беру жүйесі, діни наным-сенімдері мен әдет-ғұрыптары шектеуге ұшырады. Бұл кезеңде Қытайдағы қазақтардың әлеуметтік және мәдени өмірі айтарлықтай нашарлады. Қазақ тілін еркін қолдану мәселесі шектеулерге тап болды[4]. 1960 жылдардағы Мәдени революция Қытайдағы көптеген этностардың, оның ішінде қазақтардың да ұлттық мәдениетін жоюға бағытталған саясат жүргізді. Дегенмен, 1976 жылы Мао Цзедунның қайтыс болуынан кейін жағдай біршама жақсара бастады. Қытай үкіметі этникалық азшылықтарға қатысты саясатын жұмсартып, қазақтардың мәдени және діни құқықтарын қайта қалпына келтіруге мүмкіндік берді[4].

1978 жылы басталған экономикалық реформалар қазақтар үшін де оң өзгерістер әкелді. Бұл кезеңде қазақтардың мал шаруашылығын дамытуына, ұлттық мәдениетін жаңғыртуына жол ашылды. Қазақтар өздерінің ұлттық ерекшеліктерін қайта жаңғыртып, қазақ тілін үйрету, ұлттық мерекелерді атап өту мүмкіндігіне ие болды. Қытайда қазақ тілінде оқытатын мектептер мен мәдени орталықтар ашылды. Дегенменде, урбанизация процесі қазақтарды қала өміріне бейімделуге мәжбүрледі дейді Бенсон, Л; Сванберг И. (1988) Шыңжаңдағы қазақтар, Қытай қазақтары: этникалық азшылық туралы очерктерінде. [4].

Қытайдағы қазақ диаспорасы XX ғасырда күрделі және қайшылықты тарихи процестерді бастан кешірді. Қоныс аударудың алғашқы кезеңдерінде қазақтар өздерінің дәстүрлі тұрмысын сақтағанымен, кейінгі саяси өзгерістер олардың ұлттық ерекшеліктерін сақтауын қиындатты. Әсіресе, 1949 жылы Қытай Халық Республикасының құрылуынан кейін қазақтардың өмірі социалистік жүйенің әсерімен өзгерді. Мәдени революция қазақтардың ұлттық болмысына ауыр зардап тигізсе де, 1980 жылдардағы реформалар олардың мәдени және экономикалық дамуына жол ашты. Қытайдағы қазақтардың болашағы этникалық азшылықтарға қатысты мемлекеттік саясатқа, сондай-ақ олардың өздерінің ұлттық бірегейліктерін сақтауға деген ұмтылысына байланысты болды. Қытайдағы қазақтардың өмірі тек қоныс аударумен ғана шектелмей, олардың ұлттық болмысын, мәдениетін және тілін сақтап қалу жолындағы әрекетімен тығыз байланысты болды. Қазақтар Қытайға көшкен соң, өздерінің дәстүрлі тұрмыс салты мен мәдениетін сақтап қалуға тырысады, бірақ Қытай үкіметінің саясаты олардың өміріне елеулі әсер етті. Қытайдағы қазақ диаспорасы, әрине, түрлі саяси кезеңдердің ықпалымен өзгерді, бірақ олардың ұлттық болмысы мен мәдениетінің негізі сақталды. Қытайдағы қазақ диаспорасының тарихы қазақ халқының ерік-жігері мен төзімділігінің айқын дәлелі болып табылады.

Қысқаша айтқанда XX ғасырдағы Қытай жеріндегі қазақ диаспорасы өздерінің этникалық және мәдени бірегейлігін сақтай алды. Қытай Халық Республикасы(ҚХР) тарапынан шектеулер болғанымен кейіннен автономиялық құқықтар мен қазақтардың өзара ынтымақтастығы олардың мәдениетін және дәстүрлерін сақтап қалып оны дамытудың негізі болды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бенсон Л., Сванберг И.«Казахи Китая: очерки по этническому меньшинству» -Алматы, 2005.
2. Абызов Н. М. «Қытайдағы қазақ диаспорасы: тарихи кезеңдер және мәселелері». -Алматы, 2006.
3. Иманалиев Ж.«Шыңжаңдағы қазақтардың қоғамдық-экономикалық жағдайы (XIX-XX ғасырлар)». - Алматы, Дайк-Пресс, 2005.
4. Аманжолов К.«Қытайдағы қазақтардың саяси және мәдени өмірі». -Алматы, 2005.

ХVIII-ХІХ ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ОРЫС ДЕРЕКТЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ

Молдаш А.Қ

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., асс.проф Туякова А.Е

Астана Халықаралық Университеті

a.neliya@mail.ru

Астана қ